



ХҒТАР 19.51.11
Ғылыми мақала

DOI:<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-82-96>

Шыңғыс Айтматовтың мәңгүрттік феноменінің қазақ медиакеңістігіндегі орны

А.Сайлауқызы 

MNU Халықаралық журналистика мектебі, Астана, Қазақстан

(E-mail: alma.sailaukyzy@gmail.com)

Аңдатпа. Ғылыми мақалада жазушы Шыңғыс Айтматов шығармашылығының заманауи қазақ ұлттық дүниетанымындағы көрінісі мен «мәңгүрт» феноменінің медиакеңістіктегі рөлі зерделенген. Оның тарихи түсініктердің нәтижесінде коммуникациялық ықпал арқылы қоғамдық пікір мен қоғамдық сананың түзілуіне ықпалы мен әсері сараланады. Ортақ тарих, ұқсас ұлттық бірегейлігі бар етене туыс қазақ-қырғыздың XX ғасырдың басындағы сындарлы сәті мен колонизация шырғауында қалған тағдыр белесіне шолу жасалады. Бодандық табын сезінген ұлттық сананың сілкінісі мен бұлқынысына, заман талабы туындатқан азаттық идеясының қайнарларына тоқталады. Шыңғыс Айтматовтың қазақ дүниетанымына бойлай енуіне түрткі болған алғышарттар сөз болады. «Адамзаттың Айтматовы» атанған қаламгердің адам мен табиғат, мәңгүрт ұғымдарының қазақ дүниетанымын дөп басатын мысалдары, сондай-ақ бүгінгі таңға дейін өзекті, әрі сезімтал болып отырған астарлы медиаәсері талданады. Оның этнологиялық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық, тарихи себептеріне сілтеме жасалады.

Түйін сөздер: қазақ-қырғыз, қазақ журналистикасы, медиакеңістік, феномен, ұлттық дүниетаным, Шыңғыс Айтматов.

Кіріспе

Қазақ пен қырғыз – түркі әлемінде өзіндік орны мен тарихи бедері бар қандас, әрі бауырлас ұлт. Ұқсас дүниетаным, егіз мәдениет, үндес салт-дәстүрлер – осы екі ұлттың біте қайнасып, мәдени, әдеби, рухани қарым-қатынасының дамуына алғышарт болған маңызды факторлар. Соның арқасында ұлттық бірегейліктің мәйегі атанып, материалды емес құндылықтардың арқауы болған мәңгілік мұра – асыл жауһарларды әлемдік деңгейге көтеріп, халықаралық коммуникация мен жаһандық тұжырым объектісіне айналдыру ісінде де қос ұлттың бірігіп қол жеткізген бірқатар нәтижелері бар. Алатаудай алып құстың қос қанатын жайлаған қазақ пен қырғыз бауырластығы – қадым заманнан ән мен жырға, аңыз бен шығармаға арқау болған. Ақын Жамбыл Жабаевтың: «Екі өркеші түйенің, екі емшегі биенің, қазақ пенен қырғызым, нағашым мен жиенім» [1] деген өлеңі арқылы терең түп-тамырды айқара тани түсеміз.

Осы және басқа факторлар қазақ пен қырғыз ақпарат кеңістігіндегі бүгінгі қарым-қатынастар мен ықпал-әсерлердің түп төркінін анықтайды десек қателеспейміз. Қазақ медиакеңістігінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі постколониализм процесінің жүру барысындағы Ш.Айтматов туындыларындағы басты идеялар мен ұғымдардың қолданыс аясы осы ғылыми мақалада сарапталмақ. Қазақ журналистикасы мен жаңа медиа тұтынушыларының арасындағы Айтматов феноменінің себеп-салдарлық қатынасы зерделенеді.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі объектісі болған қазақ пен қырғыз дүниетанымының түбірлес астарларын «мәңгүрт» феноменінің ұлттық медиакеңістіктегі рөлі арқылы бағамдау барысы бірнеше ғылыми әдістерге негізделген. Мәңгүрт ұғымының тарихи алғышарттары мен этимологиясына талдау жасалып, өзге түркі тектес елдердің мифологиясындағы сарындармен салыстырылады. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан тарихи-әдеби жадындағы осы тақырыпқа сай мәліметтерге шолу жасалады. Айтматов тұлғасына, мәңгүрт феноменіне қатысты әлеуметтік сауалнама алынып, контент-анализ жасалып, қазіргі қазақ қоғамының басым бөлігін құрайтын жастардың пікірі сараланады. Әлеуметтік желілерге шолу жасалып, ондағы «мәңгүрт» танымына қатысты ұстанымдар сарапталады.

Талқылау

Қасым хан дәуіріндегі ортақ жерді қорғау кезеңінен бастап, Алаш қозғалысы кезіндегі бір тудың астына бірігудің барлығы қазақ пен қырғызда болған ортақ мүдде мен идеяны көрсетеді. Қазақтың алғашқы ғалымы Шоқан Уәлихановтың өзі 1856 жылы Ыстықкөл сапарында «Манас» жырын зерттеп, қағазға түсіріп, жаңғыртқанын ұрпақ парызы деп қабылдағанынан болса керек. Осыдан жүз жыл бұрынғы баспасөз бетінде жарық көрген мақалаларды алып көрсек де, қазақ зиялылары бұл екі ұлтты бір ұғым

төңірегінде «қазақ-қырғыз» деп қос сөз ретінде қолданып, екі ұлтты бөле-жармағанын байқаймыз. 1917 жылғы Алаш Орда үкіметінің қаулыларында «Жеті атаға дейін қазақ-қырғызда қыз алысу болмасын» деп тұжырым жасауы, Әлихан Бөкейхан өз мақалалары мен үндеулерінде «Біздің қазақ-қырғыз жұрты», «қазақ-қырғыз адам баласы» деген сөз тіркесін жиі қолдануы – соның айқын дәлелдері. Алаш автономиясын жариялаған да қырғыз бен қазақтың зиялы қауымы болатын. «1924 жылдың қазан айына дейін Жетісу облысының құрамдас бөлігі болды. Сондықтан тарих қойнауына кеткен Алаш республикасын таза қазақтың ғана мемлекеті деуге келмейді. Сол кездегі карта, жер мен ел ауқымына сай қазақ, қырғыз, қарақалпақ құрған ел деп айтуға негіз бар», дейді алаштанушы ғалым Сұлтанхан Аққұлұлы, бұл туралы. «Алаш» партиясының бөлімшесі қырғыз жерінде де болып, ортақ идея үшін белсенді қызмет еткендіктен, қос ұлт жанашырлары бірінші және екінші қырғыз-қазақ құрылтайында бас қосты. Осының бәрі – ата-бабаларымыздың сындарлы тарихи сәттерде бірігіп әрекет еткенінің көрінісі. Варшавада білім алған Жаныш Солтоноев, белгілі ағартушы Ишанғали Арабаев, тұңғыш қырғыз профессоры Қасым Тыныстанов сынды біртуар азаматтардың елеулі еңбегінің бәрі ұлт-азаттық Алаш идеясы үшін, ауқымдырақ сипаттасақ Тұран идеясының бірлігі жолына бағытталғанын көре аламыз.

Алаш азаттық идеясының бастауында болған азаматтың бірі, ағалық-бауырлық парызды жоғары қойған классик жазушы Мұхтар Әуезов Шыңғыс Төреқұлұлына көп қамқорлық жасаған. «Жәмила» повесі жөнінде дау туындап, мұндай шығарма қырғыз елінің бүгінгі менталитетіне, мораліне сай келе ме деп авторды тұс-тұстан қудалау басталғанда, ең кесімді сөзін айтып, шығарманы әлемге жайған М.Әуезов еді. Оның алғысөзімен «Новый мир» журналында жарияланған «Жәмила» (1958) повесі Ш.Айтматовты танымал етіп, туындысын француз тіліне аудартып, Луи Арагонның жоғары бағасына ие болуына жол ашқан. «Айтматовтың жолын ашып, дүниеге танытқан заңғар жазушының еңбегін бүгін жан-жүрегімізбен сезінеміз», деген өз сөзінде Қырғыз Республикасының мемлекет және қоғам қайраткері Медетхан Шерімқұлов [1]. Айтматов М.Әуезовты өзінің ардақты ұстазы санап, оның мол салалы, кең арналы шығармашылығына «Ұстаз туралы сөз» атты мақаласында [2] келелі ой айтқан. 1997 жылы шілде айында ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде өткен Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына арналған конференцияны дәл Шыңғыс Айтматовтың өзі басқарып, сөйлеген сөзінде ұлы жазушыға, асыл ұстазына деген өз сүйіспеншілігі мен ыстық ықыласын, талант құдіретіне бағытталған ақ ниетін білдіргені соның айғағы болса керек.

Ш.Айтматовтың өзі қазақ ауылымен іргелес, қоныстас жерде туып-өскені мәлім.

Мектептен соң, 1946 жылы Жамбылдағы техникумға оқуға түсуі туыс ұлттың тұрмысына, дүниетанымына бойлай енуіне молырақ мүмкіндік берген деп пайымдауға негіз болады. Кейбір зерттеушілердің анықтауынша, Шыңғыс шығармаларында оқиғаларының 70 пайыздайы қазақ даласында өтеді [3]. Ш.Айтматов қазақ драматургі Қалтай Мұхамеджановпен бірігіп «Көктөбедегі кездесу» пьесасын жазғанын, сондай-ақ қазақ ақыны Мұхтар Шахановпен бірлесіп «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабын жариялағаны мәлім. Алайда мұндай тандем шығармашылық қашан басталды

десек, 80-90 жыл бұрынғы тарих бедерін қарау қажет болады. 1911 жылы Уфадағы «Шарқ» баспаханасынан қырғыз ағартушысы И.Арабаев пен белгілі қазақ ағартушысы Қ.Сәрсекеев бірлесіп «Әліппе» жазып, қырғыз бен қазақ баласының игілігіне бірлікте қызмет еткен еді.

Шыңғыс Айтматовқа туыс қазақ елінің тарихи жады қалай әсер етсе, біздің дүниетаным мен қоғамдық санаға да оның туындылары терең із қалдырды. Әдеби және медиакеңістікте «Айтматов феномені» болып қалыптасты. Жалпы классик жазушының қаламынан төгілген ойлар мен идеялар ортақ адамзаттық идеяларға бағытталса да, оның табиғаты, берілу тәсілі мен локациясы қазақ болмысымен етене қайнасақ.

«Жәмиладан» бастап, әлемге танымал «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме», «Боранды бекет», «Жанпида» сияқты барлық шығармаларындағы көркем образдарының рухы мен мінезі қазаққа да өте-мөте жақын болды. Филология ғылымдарының докторы Құныпия Алпысбаев бұл туралы: «Қазақ пен қырғыздың қадым заманнан бері көзінің қарашығындай сақтаған қасиетті жәдігерлері – таулары мен далаларының биіктігі мен кеңдігін, оларда ғұмыр кешкен толымды тұлғалардың жан әлемі арқылы жер-жаһанға жар сала дәріптеген заңғар суреткердің өзіне тұстас дәуір болмысына тигізген әсер-ықпалы да зор болғанын мойындауымыз керек. Шығарма өзегіне қазақ даласының бір қиырындағы қарапайым адамдар тіршілігі арқау етілген «Боранды бекет» романы өз дәуіріне орай жаңа көркемдік өлшемге негізделген туынды болуымен ерекшеленеді», деп жоғары бағасын береді [4].

Шыңғыс Айтматов – адам мен қоғам мәселелерін көркем шығармаларында шебер суреттеп, кейіпкерлерін ұмытылмастай ететін қасиетке ие қаламгер. Оның прототиптері – рухы жоғары, адамгершілігі асқан, жан дүниеге терең бойлайтын жандар. Өйткені ол жаңашыл жазушы, психологиялық портреттің шебері болатын. Журналист Маржан Әбіш өзінің «Айтматов феномені» мақаласында: «Көркем шығарманың атауы әманда авторлық концепциямен, суреткерлік идеямен һәм образдар табиғатымен жымдасып келуі – өте сирек құбылыс. Туындының эстетикалық әсерін, бар ой-салмағын сығымдап, бір ғана атауына сыйғызып, символдық мәнге айналдыруға, әрине тек шын таланттың ғана қауқары жетпек» деп түйіндейді [5]. Жалпы адам мен табиғат үндестігі туралы шендестіріп, кейіптепжазу Ш.Айтматовтың замандасы болған біраз қазаққаламгерлеріне де тән деп айта аламыз. Мәселен, Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүниесіндегі» қасқыр, тауешкі, адам балансы шебер суреттелсе, Таласбек Әсемқұлов та «Талтүс» туындысында күйші мен соғыс сипатын суреттеуде табиғат-анаға жүгінеді.


Адам мен табиғат, адам мен адам қарым-қатынасын мөлдірете отырып, терең пайыммен негіздейтін қаламгердің әлемдік әдебиетке «мәңгүрт» ұғымын танытуда үлесі зор. 1980 жылы жарық көрген тұңғыш романы «Боранды бекеттегі» («Ғасырдан да ұзақ түн») мәңгүрт туралы аңыз қазақ жерінде өтетіні мәлім, ал ол ақпараттың бастапқы қайнаркөзі кімде болған десек, жауап ретінде үш ықтимал нұсқаны айта аламыз. 1967 жылы Әбіш Кекілбаев «Жұлдыз» журналының №12 санында «Күй» повесін жариялайды. Ондағы суреттелетін басты оқиға – дұшпандық жазаның ең ауыр, сұмдық түрі мәңгүрт жасау аңызы. Қазақ пен түркімен жаугершілік заманындағы жантүршігерлік трагедияға ұласатын адам санасын жүгендеу тарихи аңызын әдебиетке енгізген сол қаламгер деп

саналады. Алайда Ә.Кекілбайұлының өзі: «Мен мәңгүрттік туралы аңызды бірнеше адамнан естідім. Бұл өзі түркімендермен арадағы шапқыншылықта көп болған жағдай. Маған ол әңгімені айтқан жазушы – Әбдіжәміл Нұрпейісов», деген [6]. Ш.Айтматов бұл аңызды қаламдас, замандас Әбдіжәміл ағасының өз аузынан білуі мүмкін. Ал үшінші нұсқа сол – Шыңғыс Төреқұлұлының өзі де ел аузында жүрген аңыздан хабардар болуы ықтимал. Дегенмен, қазақ медиакөңістігінде бұл ұғымды Ш.Айтматов енгізді деп санайтындар басымырақ деуге сауалнама нәтижесі негіз болады.

1-кесте

«Мәңгүрт» ұғымын қалың бұқараға әдебиет арқылы таратқан жазушыға қатысты қазақ қоғамының жауабы

Сіз "Мәңгүрт" ұғымының әдебиеттен бұқараға таралуын қай жазушымен байланыстырасыз?
198 отбетов



Сауалнама алу 2023 жылдың 4-7 қазан аралығында онлайн жүргізілді. Қатысқан өңірлер: Астана, Алматы, Қызылорда, Ақмола облыстары. Жалпы – 198 респондент. Ш.Айтматовқа – 118, Ә.Кекілбайұлына – 46, Ә.Нұрпейісовке – 21 дауыс. Жас контингентіне қатысты ақпарат: 12-19 жаста 110 қатысушы, 20-30 жас аралығында 33 адам, 31-50 жас аралығында 41 адам, 51-80 жас аралығында – 14 адам [22].

«Мәңгүрт» сөзінің этимологиясы «мәңгіру» етістігінен шыққан деп саналады. Жалпы қарапайым жұртшылық арасында аңыз-эпсаналар танымдық тұрғыдан қалыптасып, ауызекі түрде қолданылғанына публицист М.Кенжебайдың келесі сөзі дәлел: «Жас кезімізде ата-анамыз айтқанын дереу істей қоймасақ, «Әй, сен бірнәрсе айтсам, бетіме меңірейіп қарайтының не? Мәңгіріп қалдың ба? Мәңгүрт болып қалдың ба?» деп ұрысатын еді. Осы күні орысша оқыған немесе бес-алты жыл Ресейде, Еуропада оқып келген қазақтарға ұлттық тіл, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық тәрбие, атамекен, жер-су, ұлттық мемлекет сияқты бірнәрсе айта бастасаң, бетіңе меңірейіп қарап тұрады» [7]. Сонымен қатар, «Манас» жырының 1978 жылы жарық көрген нұсқасында «Баланы қармап алады, Башына шейді салады» деп келетін жолдар арқылы, мәңгүрт етудің көне белгілерін байқай аламыз. Өзбекстан ғалымы Зухриддин Исомиддиновтың пікірінше, Әлішер Науаидың еңбектерінен де «иттің терісін кигізіп қоятын» мәңгүрттендірудің тарихи негіздерін көруге болады [8]. Атадан балаға жеткен ел аузындағы аңыздарды советтік дәуірде заманауи көркем туындыға алғаш арқау еткен, идея ізашары Әбіш

Кекілбайұлы болса, ал ол ұғымды әлем әдебиетіндегі ғылыми-мәдени айналысқа енгізген, яғни масштабтау процесін жасап, кең аудиторияға терең мағынасын көркем аша білген тұлға – Шыңғыс Айтматов.

Мәңгүрт – жуанжуандардың тұтқынға жасаған әрекетінен кейін пенденің өз есінен айырылғаннан кейінгі есімі. Мәңгүрттер қорлық-зорлық атаулының бәрін көріп, миына жазылмастай зақым келген, қай елден шыққанын, кімнен туғанын білмейтін, тек кеудесінде жаны бар, ішіп-жеуге, қарадүрсін жұмыстарды атқаруға ғана қабілетті, алыс пен жақынды ажырата алмайтын тіршілік иесі. Синонимі – миғұла, ессіз, меңіреу, космополит. Ш.Айтматовтың арқасында мәңгүрт ұғымы қоғам санасында берік орын алып, өзіндік тұжырым болып қалыптасып, феномен дәрежесіне дейін көтерілді. Романның эпиграфы ретінде Х ғасырдағы Григор Нарекацидің «Бұл кітап – менің тәнім дегейсің, бұл сөз – менің жаным дегейсің» деген нақылын алуы да автордың туындыға деген ішкі, терең ұстанымын, жақындығын айқын білдіреді [9, 6]. Туынды шыққаннан кейінгі алғашқы саяси жылымық пен егемендіктің бірінші белгілері пайда болған 1980 жылдары бұл ұғым жиірек қолданылған деуге негіз бар.

Қазақ қоғамында бұл сөзді қолдану аясы мен осы ұғымға қатысты түсініктің тереңдігі басқа ешбір ұлтта жоқ кең ауқымда көрініс табады. Бұлай деуімізге біздіңше, бірнеше объективті себеп бар. Олар:

- 1) Постколонизмнің толыққанды қарқынмен жүйелі жүрмеуі;
- 2) Колонизация авторы болған елмен ортақ ең ұзын шекараның болуы;
- 3) Ұлттық қайнарға негізделген идеологияның қарқынды дамымауы.

Мәңгүрт тақырыбының өзекті болып қала беруінің басты себептерінің бірі постколониализмнің дұрыс жүрмеуі, құлдық санадан толық арылмауы дедік. Айтматовтың кейіпкері ретінде суреттер болсақ, мәңгүрт баланың таз кепешін жартылай ашып, аз уақыт өткен соң, сыртынан екінші бір кепешті кигізгендей екіұдай сезім бар. Рухани сілкініс жылдары деп 1991 жыл мен 2000 жылдарды атасақ, Қазақстандағы рухани түлеудің бәсеңсуі деп салыстырмалы түрде 2001-2022 жылдар аралығын айта аламыз. Әсіресе тәуелсіздікке дейін ұлттық мәдени-рухани құндылықтарды тұқырту коммунистік партияның қолымен жасалса, тәуелсіздіктен соң ол деградация процесі радикал, деструктивті діни топтардың қолымен атқарылды деуге болады. Ұлттық аспап домбыраны харам деп мәлімдеуі, ана сөзінің көнеден келе жатқан нұсқасы «шеше» сөзін жағымсыз мағыналы ұғым деуі сияқты көптеген рухани, мәдени шабуылдарын әлі де жалғастыруда. Өз ұлттық дүниетанымын жат идеологияның ықпалына жығып бергіштерді де «мәңгүрт» деп атау үрдіс болып келеді. Ал 300 жыл бойы колонизация саясатын жүргізген көрші алпауыт елмен әлемдегі ең үлкен шекараның болуы соған сай доминанттық ықпалдың сақталуына зор әсер етті.

«Мәңгүрт» ұғымын қазақ қоғамының санасында жаңғыртқан, оған өзгеше өткір, әрі қанық өң беріп, медиакеңістікте ұлттық проблемаларды сипаттаудың ең жиі қолданылатын ұғымына айналдырған – «мәңгүрттік феномені» екенін жоғарыдағы сөзімізде тілге тиек етіп өттік. Феномен ұғымына (гректің *φαινόμενον* сөзі – «пайда болу,

құбылыс») «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында мынадай анықтама берілген:

«Сезім мүшелерінің көмегімен түйсінлетін құбылыс. Философия тарихында феномен ұғымы адамның пайымдау тәжірибесіне сай: мән мен идеяның көрінісі. Танымдық шындық, субъективті түйсік» [10, 170]. Орыс ғалымы И.Михайлов та жалпы мағынада алғанда, сезімдік ойлаудағы құбылысты білдіретін термин екенін айтса [11], Л.П. Крысин «қоғамда бақыланатын әдеттен тыс, ерекше құбылыс» деп тұжырымдаған [12]. Осы анықтамалар мен сипаттар Ш.Айтматов популяризациялаған «мәңгүрт» ұғымын феноменге балауға негіз болады. «Мәңгүрт» тақырыбының қазақ ақпарат кеңістігінде өміршең болып, феноменге айналу себептерін біз бірнеше объективті және субъективті себептермен былайша негіздеп, сипаттаймыз:

1. Ұқсас дүниетанымдар. Ш.Айтматовтың екі егіз ұлтты тел емген тұлға екенін ескерсек; қазақ қырғызды, қырғыз қазақты бауырым деп танитынын есепке алсақ, құндылықтар мен өмірлік таным да ұқсас болуы заңдылық.

2. Тарихи жады. Ортақ кеңістік, бір тарихи тамыр бойынша шежірелі тұлғалар мен оқиғалардың да басым көпшілігі ортақ, әрі ұқсас. Мысалы, тілтанушы ғалым Б.Омаровтың пікірінше, Асан қайғы, Жиренше шешен, Толыбай сыншы сынды әдебиеттің басында тұратын тұлғалар екі ұлтқа ортақ болып келеді [1].

3. Хикая локациясы. «Сарыөзектің түпқазық халқы – шаруа қазақ – қанша қиыншылық көрсе де, ешқайда аумай, сол баяғы жерінде қалды» дейді автор, «Боранды бекет» романында [13, 127] Яғни «Story location» алғышартына сай, шапқыншылық, дала, жаугершілік, кеңістік талаптарына орай, мәңгүрт трагедиясы қазақ жауынгерлерінің басынан өткендіктен, ол ұғымды сол ұлттың ауызекі және әдеби тілінде жиі қолданып, лексиконда тұтынуы – заңдылық.

4. Жанды тақырып. Мәңгүрттенудің заманауи аналогының өзектілігі, Кеңес Өкіметімен 70 жыл отарлау және тәуелсіздік алғаннан кейінгі шатқаяқтаған 30 жылда да «мәңгүрттенудің» ішінара жалғасын табуы, ұлттық мәселенің қордалануы бұл феноменнің «жанды жара» болып қала беруіне, құбылыс жаңғырып тұрғандықтан, сипаттаушы сөздің да тіл айналымынан түспеуіне тікелей түрткі болды. Оған бірнеше фактор әсер етті деуге болады. Замануи мәңгүрттерді, қазіргі лексиконда айтылып жүргендей «зомбожәшік құлдарын» жасаушы елмен Қазақстанның тікелей жанасуы – басты себеп. Сонымен қатар, саяси жігердің әлсіздігі, мемлекеттік жаңарған институттардың «балаң» қалпынан жетіле алмай жатуы. Бізбен салыстырғанда қырғыз бауырлар демократия мен азаматтық белсенділік, саяси жігердің айқын дәлелдерін танытып үлгерді деуге көптеген мысал бар. Оның қаншалықты нәтиже беруі – бөлек тақырып, алайда сана еркіндігі жағынан қазаққа көрші қырғыз, әзірбайжан және өзбек қандастар көш ілгері екенін ісімен, ниетімен дәлелдеп отыр. Ал Қазақстанда өкінішке қарай, тәуелсіздік алғаннан кейін дүниеге келген ұрпақтың және олардан соңғы буынның да «мәңгүрттенуі» жаппай болмаса да, ішінара белсенді түрде жалғасып жатыр.

5. Туындының репрезентациялануы. Ш.Айтматов туындыларының жалпы тиражы бүгінге дейін шашамен 100 млн тираждан асты десек [14], соның сүбелі бөлігін

«Боранды бекет» романы» алары анық. Теориядан мәлім, көркем туынды басқа жолдармен де репрезентацияланды. 1980 жылы режиссер Ә.Мәмбетов Мәскеуде, 2017 жылы режиссерлер Антон Калипанов пен Ольга Шайдуллина Мәскеуде, ал 2022 режиссер Ұланмырза Қарыпбаев Астана театр сахнасында көрермен назарына ұсынды. 1990 жылы Түркімен, Түркия және Ливия мемлекеттері бірігіп түсірген «Манкурт» фильмі (режиссері: Ходжакули Нарлиев) заман үні мен сұранысына жауап бере отырып экранизацияланды. Бұл осы феноменді кітапты аса оқымайтын, визуализацияға ден қойған кейінгі жас аудиторияның да түсініп, қабылдауына ықпал етті. Сол арқылы идея мен мазмұн медиакеңістікте қалың бұқараға бірнеше есе қарқынмен тез тарап, мықты орнықты.

Нәтиже

«Мәңгүрт» феноменінің қазақ медиакеңістігінде тақырыпта және мәтінде қолдану аясы өте кең.

- Қазақ медиакеңістігінде «мәңгүрт» сөзін қолданудың 70-80 пайызы тіл мәселесіне қатысты болып отыр. Тілін білмейтін басшылар, шенеуніктер; орыс балабақшасы мен мектебіне беретін, соны талап ететін ата-аналар тақырыбы. Бір ескерерлігі, туған тілді білмеу проблемасы қырғыз ұлтына қарағанда, қазаққа қаттырақ қатысты, себебі салыстырмалы түрде көп қырғыз туған тілін біледі, ол тілде сөйлей алады.

- Өзге дінге бой ұрып, өз ділінен жирену жағдайларына байланысты. Мәңгүрт ұғымын өзге дінге еліктеп, өз ділінен бас тарту жағдайларын сипаттауда да жиі қолданады. Мәселен, этнограф ғалым Бердалы Оспан: «Белгісіз күштер қазақтың өзіндік ұлттық құндылықтарын басқа құндылықтармен алмастыру арқылы халықтың ұлттық мазмұнын жойып, мәңгүрт етіп құлға айналдырмақ», деп пайымдайды.

- Салт-дәстүрден безіну жағдайлары. Дәстүрлерден бас тарту, оны қаралау, бұрмалау, одан жирену, т.с.с.

- Өзге ұлттың дәстүрлерін дәріптеу оқиғалары. «Крещенские купания», буддизмге еліктеу, Гоаға барып мінәжат ету, Иегова куәгерлерінің төл дүниетанымға жат рәсімдері және т.б. түрлі секта мен этнотоптардың оқшау, санаға оғаш рәсімдерін тілге тиек еткен медиамаметіндер.

- Өзге нәсілден келін алу, өзге нәсілге тұрмысқа шығу инциденттері. Өз ұлтын ашық кемсіте отырып, өзге нәсіл өкілдеріне тұрмысқа шығып, онысын дәріптеу жағдайлары. Контент-анализ жасағанда, 2022-2023 жылдары осы тақырыпқа сай мәңгүрт сөзі 123 рет қолданылғанын анықтауға болады.

- Ұлттық құндылыққа жат, арсыз мінез-құлықтарды насихаттау жағдайлары. Әлеуметтік желіге хайп үшін салынатын ерсі, әдепсіз қылықтар, «Байзақова» феномені, т.с.с.

2-кесте

«Мәңгүрт» ұғымын қай мәселені сипаттағанда қолданатындығы туралы сауалнама нәтижесі



Сауалнама алу 2023 жылдың 4-7 қазан аралығында онлайн жүргізілді. Қатысқан Сауалнама алу 2023 жылдың 4-7 қазан аралығында онлайн жүргізілді. Қатысқан өңірлер: Астана, Алматы, Қызылорда, Ақмола облыстары. Жалпы – 198 респондент. "Мәңгүрт" сөзін медиакеңістікте (мақалада, әлеуметтік желіде, ауызекі тілде) шамамен қаншалықты жиі ұшырастырасыз немесе өзіңіз қолданасыз?» сауалына жауап нәтижесі: өте жиі – 6,6%, арасында бір – 19,6%, сирек – 46%, мүлдем ұшырастырмаппын – 27,8% [22].

Бүгінгі таңдағы мәңгүртізм басым көпшілік жағдайда – өз ұлттық құндылықтары мен ана тілін өзі жоюды көздейтін, осыған дейін кімнің отары болса, соның тілінде сөйлеп, соның мүддесі үшін жанталасатын индивидтердің ортақ атауы деп қабылданады. Мәңгүрттік идеологиясы әлемдегі ірі отаршылдық саясаттардың салдарынан пайда болды десек, қазіргі таңда шашын тықырлап алып, кепеш кигізудің қажеті жоқ, медиақұралдар, жалған тарих пен мен пропаганда мәңгүрттік феноменінің жаңа әдіс-тәсілдері болып саналады. Отаршылдар өздері зорлықпен иемденген елдердің байлығын тонап, мәдениетін ойрандап қана қоймай, сол халықтың азаматтарына мәңгүрттік идеологиясын сіңіріп, оларды өздерінің рухани құлына айналдыруға тырысады. Кейін сол ел тәуелсіздік алып, азат болса да, мәңгүрттік идеологиясы жұққан адамдар өз ұлтының мүддесіне қарсы әрекет жасап, ұлттық мемлекеттің дербес өмір сүруіне, өзін-өзі қалпына келтіруіне және өсіп-өркендеуіне кедергі келтірумен болады. Сондықтан ондайлар сыртқы жаулардан да қауіпті деп саналады. Егер олар сол елде билікке қол жеткізер болса, сол мемлекеттің өз ұлттық болмысын қалыптастыруына кететін уақыт ұзарып, жолы қиындауы заңдылық. Осы себепті «мәңгүрт» сөзі саналы, ойлы, тамырынан ажырамаған көзі ашық адамның бойында жиіркеніш тудырады, тексіздік пен санасыздықтың белгісі ретінде қабылданады.

Қорытынды

Қазақстанда мәңгүрт ұғымымен байланыстырып мақала жазып, деколонизация жасауға тырысатын бірінші топ – журналистер мен публицистер. «Мангуртизмнің» нақты көріністерін біз өмірде күнде көріп жүрміз. Орыспын деуге түрі келмейтін, қазақпын деуге тілі келмейтін қандастарымыз не ойлайды екен? Олар ештеңе де ойламайды. Өйткені олар – мәңгүрт. Ойланса мәңгүрт болмас еді. Мәңгүрт болу – сүйегіңді сату. Жоғары мәдениет пен терең білім, ұлтсүйгіштік пайым ғана қазақты биікке көтереді», дейді журналист, ғалым Темірғали Көпбай өз мақаласында [15].

Ал қоғам қайраткері, публицист Мырзан Кенжебай «Мәңгүрт дегеніміз кім?» атты мақаласында: «Мәңгүрттіктің басты белгісінің бірі – өз мемлекетінің, өз ұлтының тарихын білмеу. Білмегені былай тұрсын, кейбір мәңгүрт өз ұлтын бұрын оның мемлекеті болмаған, шекарасы болмаған, әскері болмаған дегенін де естіп жүрміз. Мәңгүрт адам өз ұлтын әртүрлі тайпалардан құралған тобыр деуге дейін барады», деп сипаттайды [7].

2023 жылдың қыркүйегіндегі дерек бойынша, қазақ ғаламторында «мәңгүрт» сөзі 45 000, ал «манкурт» 155 000 рет кездескен. Ол жерде сайттардағы мақалалар мен әлеуметтік желідегі қолданыс жиілігі де қамтылған. Желінің қарапайым қолданушылары да жанына, рухына, мәдениетіне қатысты өзекті тақырыптарда осы ұғымды жиі қолданғанын көре аламыз. Мәңгүрт атауын телуге қатысты кереғар пікірлер де бар. Ол консервативті, классикалық жүйеден басқаша. Мәселен, қоғам белсендісі Айдар Ерғалидің пікірінше, біз мәңгүрт сөзін өз образына сай қолданып жүрген жоқпыз. Өйткені, мәңгүрт – мәжбүрлі түрде, ешбір таңдаусыз есінен айырылғандар. Ал заманауи мәңгүрттерде таңдау бар. «... Бүгінгі күні бүкіл жағдайы бар бола тұра, өз ұлтының бар құндылықтарынан бас тартып, орыстан асқан орыс болам деп көк тиынға сатылып, арттарын жыртып, жалпаңдап жүрген сұқиттарды олай айтуға келмейді. Оларға өткендегі «камызьяки» деген күшті жарасады» [16]. Келесі бір желі қолданушылары өз әлеуметтік парақшаларында тарихқа тың көзбен қарауда мәңгүрт ұғымын пайдаланады. Мәселен, дәстүрлі әнші, публицист Ерлан Төлеутай: «Қонаевтың тұсында қазақ өз тілінен айырылып, таза мәңгүрт болуға шақ қалды. Ол басқарған жылдары елімізде мыңға жуық қазақ мектебі жабылды» дейді [17]. Соңғы жылдардағы әлемдегі тұрақсыз геосаяси жағдайға байланысты «мәңгүрт» ұғымын Украинадағы соғысты жақтаған Ресейде тұратын украиндыққа, Арменияның Қарабақты Әжірбайжанның өзіне қайтаруын құптайтын армян ғалымдарына қатысты да телитінін көруге болады. Мәселен, мобилизациядан бас сауғалап Қазақстанға келген якут белсендісі, рок-әнші Айхал Аммосов: «Біз мәңгүрт екенбіз» деп ашынады. Сонымен қатар 2023 жылдың 3 қазан күні жарияланған армянның қоғам қайраткері, тарихшы Саркис Асатрян өз сұхбатында әзірбайжан саясатын мақұлдауын сатқындықтан емес, дәйектіліктен екенін негіздей келіп, «Мен Мәңгүрт емеспін!» деп уәжін айтады [18]. Сонымен қатар Ақтан Төкіштің «Мәңгүртстан» романынан үзінді «Абай» және тағы басқа ақпараттық порталдарда үзінді болып жарияланып, қалың бұқараның мәңгүрт ұғымын тереңірек түсінуге ықпал етті [19]. Мәселен, «Мен оларға міндетті түрде мәңгүрт жайлы әңгімені айтып беремін. Бұл аңыз ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа көшіп келеді. Адам баласы үшін ең қауіпті, ең қорқынышты осы бір құбылысты әрбір жаңа ұрпақ білсін деп

талмай айтылып келе жатқан аңыз», деп басталатын мәтіннің өзінен бұл тақырыптың сан қырлы бұқаралық сипаттағы талқылау призмасынан өтсе де, ең негізгі ойды бір буыннан екінші буынға өзгеріске ұшыратпастан жеткізіп жатқандығын дәлелдейді.

«Адам болудан да ең қиыны – әр күні адам болу» деп сенген әдебиет ақсөңгірі Ш.Айтматов өзінің тұңғыш романы арқылы «мәңгүрт» аңызының трагедиясын реалистік түрде суреттей келе, мәңгүрттіктен сақтанудың, алдын алудың ескертпесін де астарлап жеткізгені анық. Ал оның туындылары сол мәңгүрттіктен емдейтін шипаға пара-пар. Автор өзі реалистік проза деп бағалайтын [20] Ш.Айтматовтың шығармалары ғаламның 176 тіліне аударылып, жалпы 100 миллионнан астам данамен 130 елде жарық көрді. Қазақстанда да қазіргі күннің өзінде дүркін-дүркін қайта баспа бетін көріп тұратын туындыларының қатарында «Боранды бекет», «Құс жолы», «Жан пида» мен

«Тау құлаған» бар [21]. Әлемде Шекспир мен Толстойдан кейінгі ең көп оқылатын үшінші жазушы деген пікір бар. Қазақ жазушылары жиі айтатын «Адамзаттың Айтматовы» деген сөздің айқын дәлелі осы болса керек. Әлемдік әдебиет аспанына жұлдыздай жарқырап шыққан сөз зергері Шыңғыс Айтматов бұқаралық санаға батыл енгізіп, кең насихаттаған «мәңгүрт феномені» қоғамның деколонизация үрдісінде ерекше сипатымен қызмет ете берері анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Сәрсенхан Б. Әуезов пен Айтматов биігі // «Егемен Қазақстан» республикалық газеті. 2022. – 27 қазан. [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/326706-auezov-pen-aytmatov-biigi> (қаралған күні: 12.09.2023).
2. Біздің М: (М.О. Әуезов туралы естеліктер)/ [құраст. Б. Сахариев; ред. алқа: Л. Әуезова [ж. б.] – Алматы: Жазушы, 1976. – 430 б.
3. Салықжанова А. «Манас» пен Әуезовті әспеттеген // «Түркістан» республикалық газеті. 2018.- 15 қараша. [Электронды ресурс]. URL: <https://turkystan.kz/article/72572-manas-pen-uezovti-spettegen> (қаралған күні: 18.09.2023).
4. Алпысбаев Қ. Айтматов феномені. // «Қазақ әдебиеті» газеті 2018.- 27 сәуір. [Электронды ресурс]. URL: <https://qazaqadebieti.kz/14388/ajtmatov-fenomeni> (қаралған күні: 15.09.2023).
5. Әбіш М. Айтматов феномені: адам мен адамзат арасы...// «Егемен Қазақстан» республикалық газеті. – 2020. – 15 қаңтар. [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/217930-aytmatov-fenomeni-adam-men-adamzat-arasy> (қаралған күні: 18.09.2023).
6. Кекілбаев Ә. «Күй» повесіндегі мәңгүрттік аңызы // [Электронды ресурс]. URL: <https://www.tarbie.kz/7810> (қаралған күні: 18.09.2023).
7. Кенжебай М. «Мәңгүрт дегеніміз кім?»// «Абай» ақпарат порталы. 2014.- 22 сәуір. [Электронды ресурс]. URL: <https://abai.kz/post/37888>. (қаралған күні: 10.09.2023).
8. Cengiz A. Günleri XX. Yüzyıla Damgasını Vuran İsimler: Törökul Aytmatov (1903-1938) ve Cengiz Aytmatov (1928-2008) Uluslararası Toplantı» халықаралық ғылыми симпозиумы. Анкара университеті Тіл, тарих және география факультеті. 9-10 қазан, 2023 ж. – Анкара. 9-10 қазан, 2023 ж.
9. Айтматов Ч. Буранный полустанок: Роман. Сыдыкбеков Т. Люди наших дней: Роман. Пер. с кирг. – Москва, Советский писатель, 1987. – 608 с.

10. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 9-том, 2007. – 688 б.,
11. Михайлов И. А. Феномен // Новая философская энциклопедия / Ин-т философии РАН; Нац. обществ.-науч. Фонд. — 2-е изд., испр. и допол. — М.: Мысль, 2010.
12. Крысин Л.П. Толковый словарь иноязычных слов. — М.: Эксмо, 2008. — 944 с. — (Библиотека словарей).
13. Айтматов Ш. Боранды бекет. Роман. // Құс жолы. Хикаят.// Ауд: Ш.Мұртаза., Қ.Нұрмаханов, Астана: Аударма, 2011. – 456 б.
14. По следам памяти: редкие кадры из жизни великого писателя Айтматова // Кыргызское национальное информационное агентство. 2018. – 28 августа. [Электронный ресурс]. <https://kabar.kg/news/ro-piatam-aitmatova-redkie-kadry-iz-zhizni-velikogo-pisatelia/> Қаралған күні: 20.09.2023.
15. Көпбай Т. Қазақ жұрты: Мәмбеттік пен мәңгүрттік. [Электронды ресурс] «Қамшы» ақпараттық сайты. 2017. – 24 шілде. URL: <https://qamshy.kz/article/26846-qazaq-dgurty-mambet-tik-pen-manhgurttik> (Қаралған күні: 20.09.2023).
16. Айдар Ерғалидің Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. [Электронды ресурс] 2023. – 5 қазандағы жазбасы. URL: <https://www.facebook.com/100001622153013/posts/pfbid0LyJ8ePdytUoUsZTrgCWwzW TBuSPrgPVuW16KKYHR9GGRvp1ceFpa7T5ezTBWxPHjI/?mibextid=01WIX5>. (Қаралған күні: 20.09.2023).
17. Төлеутай Е. Қонаевтың тұсында қазақ өз тілінен айырылып, таза мәңгүрт болуға шақ қалды. [Электронды ресурс] 16 қаңтар 2023. "Адырна" ұлттық порталы. URL: <https://adyrna.kz/post/144558>. (Қаралған күні: 20.09.2023).
18. Асатрян С. Пять вопросов и ответов про Армению. [Электронный ресурс] 4 қазан 2023. URL: https://fb.watch/nujb_CD8LN/?mibextid=01WIX5 (Қаралған күні: 20.09.2023)
19. Төкіш А. Мәңгүрт. [Электронды ресурс]//19 тамыз 2011. «Абай» ақпараттық порталы. URL: <https://abai.kz/post/10088> (Қаралған күні: 20.10.2023).
20. Захарова К. Чингиз Айтматов: Он не умел водить машину и говорить по-английски. [Электронный ресурс] Респектабельная газета «Конкурент». 2008. – 18 июня. URL: <http://www.konkurent-krsk.ru/index.php?id=1421> (Дата обращения: 04.10.2023).
21. Айтматов Ш. Тау Құлаған. Романдар мен хикаят. //Ауд: Қами Нұрлан. – Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2017 – 608 б.
22. Онлайн-сауалнама дерегі. Google-форма. URL: <https://docs.google.com/forms/d/1zvIsPBnbxVCUSTWJmEhO2lR6WUIknYk0crSRCuqg6-8/edit>.

References

1. Sarsenkhan B. Auezov pen Aitmatov biigi. [The height of Auezov and Aitmatov] Egemen Kazakhstan" republican newspaper. 2022. - October 27. [Electronic resource]. Available at: <https://egemen.kz/article/326706-auezov-pen-aytmatov-biigi> (Accessed: 12.09.2023). [in Kazakh]
2. Bizdin Mukhtar. [Our Mukhtar: (memoirs about M. O. Auezov)] (comp. B. Sakhariev; ed. necklace: L. Auezova - Almaty: Zhazushi, 1976. P. 430). [in Kazakh]
3. Salikzhanova A. "Manas" pen Auezovty aspettegen. [Respecting "Manas" and Auezov] [Electronic resource] Turkistan" republican newspaper. November 15, 2018. Available at: <https://turkystan.kz/article/72572-manas-pen-uezovti-spettegen> (Accessed: 18.09.2023). [in Kazakh]

4. Alpysbayev K. Aitmatov phenomeny [Aitmatov phenomenon]. [Electronic resource] (Kazakh literature" newspaper 2018. - April 27). Available at: <https://qazaqadabiet.kz/14388/aitmatov-fenomeni> (Accessed: 09.15.2023). [in Kazakh]
5. Abish M. Aitmatov phenomeny: adam men adamzat arasy... [Aitmatov phenomenon: between man and humanity]. [Electronic resource] (Egemen Kazakhstan" republican newspaper. - 2020. - January 15). Available at: <https://egemen.kz/article/217930-aitmatov-fenomeni-adam-men-adamzat-arasy> (Accessed: 09.18.2023). [in Kazakh]
6. Kekilbaev A. "Kui" povestdegy mangurttik anyzy. [The legend of Mangurt in the story "Kui"]. [Electronic resource] Available at: <https://www.tarbie.kz/7810> (Accessed: 18.09.2023). [in Kazakh]
7. Kenjebai M. Mangurt degenimiz kim? ["Who is Mangurt?"]. [Electronic resource] (Abay" information portal. 2014.- April 22). Available at: <https://abai.kz/post/37888> (Accessed: 10.09.2023). [in Kazakh]
8. Cengiz Aytmatov Günleri XX. Isimler: Törökul Aytmatov (1903-1938) and Cengiz Aytmatov (1928-2008) International Scientific Symposium. Ankara University Faculty of Language, History and Geography. – Ankara. October 9-10, 2023. [in Turkish]
9. Aitmatov Ch. Burannyi polustanok: Novel. Sydykbekov T. Lyudi nashih dnei. [Burannyi Railway Stop: A novel. Sydykbekov T. People of our days] A novel. Per. enter with - Moscow, Soviet writer, 1987. - 608 p. p. 6) [in Russian]
10. Kazakhstan. National encyclopedia / editor-in-chief. B. Ayagan. - Almaty: "Kazakh Encyclopedias" editor-in-chief, volume 9, 2007. - 688 p., 170 p. [in Kazakh]
11. Mikhailov I. A. Fenomen//Novaya filosofskaya enciklopediya. [Phenomenon. New philosophical encyclopedia / Institute of Philosophy RAN; Nat. society-science Foundation.— 2nd ed., ex. and double. — M.: Mysl, 2010]. [in Russian]
12. Krysin L. P. Tolkovyj slovar' inoyazychnyh slov [Interpretive dictionary of foreign words]. — M.: Eksmo, 2008. — 944 p. — (Library dictionary). [in Russian]
13. Aitmatov Ch. Borandy beket. [The Blizzard way station. A novel]. (Sh. Murtaza, K. Nurmakhanov, - Astana: Audarma, 2011. P. 456). [in Kazakh]
14. Po sledam pamyati: redkie kadry iz zhizni velikogo pisatelya Aitmatova // Kyrgyzskoe nacional'noe informacionnoe agentstvo [In the wake of memory: rare footage from the life of the great writer Aitmatova (Kyrgyz National Information Agency). [Electronic resource]. 28.08.2018. Available at: <https://kabar.kg/news/po-piatam-aitmatova-redkie-kadry-iz-zhizni-velikogo-pisatelja/> (Accessed: 09.20.2023).
15. Kopbai T. Kazakh zhurty: mambettik jane mangurttik. [Kazakh people: Mambettizm and Mangurtizm] [Electronic resource] (Kamshi" information site. 2017. - July 24). Available at: <https://qamshy.kz/article/26846-qazaq-dgurty-mambettik-pen-manhgurttik> (Accessed: 09.20.2023). [in Kazakh]
16. Aydar Yergali's Facebook page. 2023. - his post dated October 5. Available at: <https://www.facebook.com/100001622153013/posts/pfbid0LyJ8ePdytUoUsZTrgCWwzWTBuSPrgPVuW16KKYHR9GGRvp1c eFpa7T5ezTBWxPHJl/?mibextid=01WIX5> Accessed: (09.20.2023).
17. Toletai Y. Konaevtyn tusynda kazak oz tilinen ajyrylyp, taza mangurt boluga shak kaldy. [During Konaev's reign, Kazakhs lost their language and almost became pure Mangurt] [Electronic resource] (2023. - January 16. "Adirna" national portal). Available at: <https://adyrna.kz/post/144558> (Accessed: 10.20.2023). [in Kazakh]
18. Asatryan S. Pyat' voprosov i otvetov pro Armeniyu. [Five questions and answers about Armenia]. [Electronic resource] 2023. - October 4. Available at: https://fb.watch/nujb_CD8LN/?mibextid=01WIX5 (Accessed: 09.20.2023). [in Russian]

19. Tokish A. Mangurt. [Electronic resource] (2011- August 19. "Abai" portal). Available at: <https://abai.kz/post/10088> (Accessed: 09.20.2023). [in Kazakh]
20. Zakharova K. Chingiz Aitmatov: On ne umel vodit' mashinu i govorit' po-anglijski. [Chingiz Aitmatov: He couldn't drive a car or speak English] [Electronic resource] [Respectable newspaper "Konkurent". 2008. - June 18]. Available at: <http://www.konkurent-krsk.ru/index.php?id=1421> (Accessed: 04.10.2023). [in Russian]
21. Aitmatov Sh. Tau kulagan. [The fall of the mountain]. (Novels and stories. Aud: Kami Nurlan. - Almaty: "Davir-Kitap" publishing house, 2017. P. 608). [in Kazakh]
22. Online survey data. Google Form. URL: <https://docs.google.com/forms/d/1zvIsPBnbxVCUSTWJmEhO2lR6WUIknYk0crSRCuqg6-8/edit>

A. Sailaukyzy

MNU International School of Journalism, Astana, Kazakhstan

Chingys Aitmatov's "mangurtism" phenomenon in the Kazakh media space

Abstract. The scientific article examines the expression of writer Chingys Aitmatov's creativity in the modern Kazakh national worldview, as well as the role of the "mangurt" phenomenon in the mediasphere. As a result of historical concepts, its influence and impact on the formation of public opinion and public consciousness through communication influence are distinguished. The critical moment of the beginning of the 20th century, the fate of the Kazakh-Kyrgyz people, who share a common history and similar national identity, and the fate of the colonization are reviewed. He focuses on the shock and wave of national consciousness caused by the colonization, as well as the origins of the idea of freedom shaped by the demands of the times. We will discuss the conditions that led Chingys Aitmatov to embrace the Kazakh worldview. The examples of the writer who became known as the "Aitmatov of Humanity" and the concepts of man and nature, Mangurt, which dominate the Kazakh worldview, as well as the underlying media influence, which is relevant and sensitive to this day, are analyzed. Ethnological, socio-cultural, psychological, and historical reasons are referred to.

Keywords: Kazakh-Kyrgyz, Kazakh journalism, mediasphere, phenomenon, national worldview, Chingys Aitmatov.

А. Сайлауқызы

Международная школа журналистики МНУ, Астана, Казахстан

Феномен мангуртизма Чингиза Айтматова в казахской медиапространстве

Аннотация. В научной статье рассматривается выражение творчества писателя Чингиза Айтматова в современном казахском национальном мировоззрении и роль феномена «мангурт» в медиасфере. В результате исторических концепций выделяется ее влияние и воздействие на формирование общественного мнения и общественного сознания посредством коммуникативного воздействия. Рассмотрены объективные факторы начала XX века и судьбы

казахско-кыргызского народа, имеющего общую историю и схожую национальную идентичность, а также судьбу колонизации. Акцентируется внимание на потрясении и волне национального сознания, и истоках идеи свободы, созданной требованиями времени. Рассмотрены предпосылки, которые побудили Чингиза Айтматова войти в казахское мировоззрение. Названы примеры писателя, ставшего известным как «Айтматов человечества», и концепции человека и природы, а также феномен «манкурт», доминирующие в казахском мировоззрении, а также лежащее в их основе медиа-влияние, актуальное и чувствительное по сей день. Анализируются этнологические, социокультурные, психологические и исторические причины этого феномена.

Ключевые слова: казах-кыргыз, казахская журналистика, медиaprостранство, феномен, национальное мировоззрение, Чингиз Айтматов.

Автор туралы мәлімет:

Сайлауқызы А. – журналистика бойынша PhD ғылым докторы, Халықаралық журналистика мектебінің Adjunct Assistant профессоры, Мақсұт Нәрікбаев университеті. Сонымен қатар Ш.Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Халықаралық байланыс және PR бөлімінің басшысы, Астана, Қазақстан.

Saylaukyzy A. – PhD, Adjunct Assistant professor, International school of journalism, Maqsut Narikbayev University. Head of the International communication and PR department of the National scientific and practical center "Til-Kazyna" named after Sh. Shayakhmetov, Astana, Kazakhstan.